

2011 жылы Шортанды ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 22 ақпандағы № А-1/34 қаулысы. Ақмола облысы Шортанды ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 14 наурызда № 1-18-129 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 23 қазандағы № А-9/241 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 23.10.2014 № А-9/241 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7, 20 баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Халықты жұмыспен қамту туралы» «Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру ережесінің 7, 8 тармақтарына сәйкес, жұмыс табуда қиындық көріп жүрген жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау мақсатында, оларды жұмыспен уақытша қамтылуын қамтамасыз ету үшін Шортанды ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Шортанды ауданында 2011 жылы қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылсын.
2. Қоса беріліп отырған Шортанды ауданы ұйымдарының тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері, нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшерлері мен оларды қаржыландыру көздері бекітілсін.
3. Шортанды ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі:
 - 1) жұмыссыздарды ақылы қоғамдық жұмыстарға жіберуді олардың келісімімен тіркелген күніне сәйкес кезектілік тәртібімен жүзеге асырсын;
 - 2) жеке шотқа аудару арқылы қызметкерге жасалған еңбек шарттың негізінде ай сайын ең төменгі жалақының төлемін аудан бюджетінің қаражат есебінен жүзеге асырсын.
4. Шортанды ауданының «Экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі қоғамдық жұмыстардың қаржыландырылуын 2011 жылғы аудан бюджетінде көзделген қаражаттар шегінде қамтамасыз етсін.
5. Шортанды ауданы әкімдігінің «2010 жылы Шортанды ауданында қоғамдық

жұмыстарды ұйымдастыру туралы» 2010 жылғы 23 ақпандағы № А-1/34 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1-18-107 болып тіркелген, 2010 жылғы 3 сәуірде «Вести», «Өрлеу» аудандық газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Шортанды ауданы әкімінің орынбасары М. А. Атабаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы Шортанды ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шортанды ауданының әкімі *С.Қамзебаев*
КЕЛІСІЛДІ

«Ақмола облысы Шортанды ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім»

ММ бастығы *Е.Бегімқұлов*

Шортанды ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ бастығы *Ж.Мунтаева*

Шортанды ауданының «Экономика және қаржы бөлімі» ММ бастығы *Е.Рысьева*

Ш о р т а н д ы а у д а н ы ә к і м д і г і н і н
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 2 а қ п а н д а ғ ы
№ А-1/34 қаулысымен бекітілген

Шортанды ауданы ұйымдарының тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері , көлемдері, нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшерлері мен оларды қаржыландыру көздері

№	Ұйымның атауы	Ақылы қоғамдық жұмыстардың түрлері	Орындалатын қоғамдық жұмыстардың көлемі
1	Шортанды ауданының «Раевка селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Село аумағын жинау және абаттандыру	10000 шаршы метр
2	Шортанды ауданының «Шортанды кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Кент аумағын жинау және абаттандыру Іс жүргізуде көмек көрсету	39000 шаршы метр 800 іс, 101 кітап
3	Шортанды ауданының «Новокубанка селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Округтің аумағын жинау және абаттандыру Іс жүргізуде көмек көрсету	10000 шаршы метр 150 іс, 30 кітап
4	Шортанды ауданының «Дамса селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Округтің аумағын жинау және абаттандыру Іс жүргізуде көмек көрсету	10000 шаршы метр 200 іс, 55 кітап

жалақының ең төменгі мөлшерінде	қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек шартын жасаған сәттен бастап	аудандық бюджет
жалақының ең төменгі мөлшерінде	қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек шартын жасаған сәттен бастап	аудандық бюджет
жалақының ең төменгі мөлшерінде	қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек шартын жасаған сәттен бастап	аудандық бюджет
жалақының ең төменгі мөлшерінде	қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек шартын жасаған сәттен бастап	аудандық бюджет
жалақының ең төменгі мөлшерінде	қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек шартын жасаған сәттен бастап	аудандық бюджет
жалақының ең төменгі мөлшерінде	қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек шартын жасаған сәттен бастап	аудандық бюджет
жалақының ең төменгі мөлшерінде	қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек шартын жасаған сәттен бастап	аудандық бюджет

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК